

Кеңестік қоғам саудагердің тамырына балта шабумен келді.

Сөз төркіні

Рухани байлықпен бірге күнделікті тұрмыстық байлықтың аражігін ашып айтқан Абайдың мал, дүние, пайда, табыс, кәсіп сөздері қоғамның өзгерісіне қарай жаңа атауларға ие болды. Мәселен, «бизнес» - ағылшын тілінен алынған «кәсіпкер», «сауда» деген ұғымдарға сай келеді. Жеке адамның немесе фирманың іскерлік қызметі. Бизнес - адамның табиғи қасиетіне, біліміне негізделген отырып, нарықтық заманға бейімделген кәсіпкер, коммерсанттың сауда-саттық жолымен қоғамға пайда келтіретін өрекеті. Бұл мамандықты игерген ербір адам «жан аямай кәсіп қылса» ғана рухани қажеттілігін қанағаттандырумен қатар күнделікті тіршілікте баюы жолына түсуі түсінікті нәрсе. Жеке кәсіпкердің баюы - қоғамның баюы. Күнделікті тіршіліктің көзі жекеменшік бағытына ауған кезде «өзім дегенде өгіз қара күшіне» сеніп, қазіргі кәсіпкерлер нарықтық экономиканы дамыту жолында тұрмыстық баюдың түрлі амал-тәсілдерін іздеуде.

Нарықтық экономика... «...соны үйретейін» - дейді Абай. «Үйретейін» деп жар құлағы жастыққа тимеген Абай бізге нені үйретпеді?! Үйретіп келеді, әлі де үйрете береді. Үйретудей-ақ үйретті-ау, хакім Абай. Үйренбейтін өзіміз. Өзіміз Абайдың қалыбына түсіп үйренгіміз келмейді. Мойындадық, өреміз жетпейді.



тұғын мінез деген сауыты болады. Мінездің беріктігі бұзылса, оқып-үйреніп те пайда жоқ» деп түйіндейді. «Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісіміз» тоғызшылыққа салынып, мінезінің өзгере бастауын «бай болам деген қазақты... қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі - нағандық, екіншісі - еріншектік, үшіншісі - зальымдық» (38-ші қара сөзі) - ал, бұлар экономиканың қас жаулары.

«Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбатына сатып алады. Бұл нағандықтан келген кемшілік» деп жазды өткен ғасырдың басында Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газеті. Ал, Елбасы экономиканы шикізатқа апарып тіреп қою тиімсіз болатынын айта келіп: «Жер қойнауындағы байлықты тікелей сатпай, одан әртүрлі зат жасап шығарсақ, әлдеқайда мол табысқа кенелер еміз» дейді. Нағыз еңбектенетін кезінді босқа жіберіп алсаң - өмір сені аямайды, ол - бизнестің айнымайтын қатал заңы.

АБАЙ ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА

«Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім байымайды» (10-шы қара сөз) - деген ұлы Абай елді кәсіп қылуға үндейді.

«Экономика» термині, қазақтың «ылғи сөттілік» сөзінен шыққан болуы керек. Өйткені, парсы тілінде экономика «эктисод» - қазақша «ылғи сөт» деп айтылып, «табыс», «пайда», «өкілеттік», «нетижке» деген ұғымдарды береді. Жақсы нәрсені өзіміздікі емес, өзге тегінен құлдық психология әріректен бойымызға сіңген өлетпен, мұны да парсы тілінен енген деп отырмыз. Парсы тілінде жүрген: сйлок - жайлау, остохан - сүйек, оташ - от, утоғ - отау, ого - аға, улус - ұлыс, омок - аяқ (ылғыс), кухне - көне, мэйл - мейлі, отер - өтір сияқты сөздерді тағы да көптеп келтіруге болар еді. Біз мысалға келтірген сөздердің көбі парсының тұрмыс-тіршілігіне емес, қазақтың тұрмысына ғана тиесілі, тіпті өзге түркі тілдес халықтарда да кездеспейді. Жоғарыда келтірілген «ылғи сөт» («эктисод») сөзінің шығу төркіні түркілік ме, әлде ирандік ме, ол да тиянақты зерттелінуі керек деген пікірдеміз.

Орталық Азия түркілері ертеден Алдыңғы Азияны мекендеген парсылармен тұтас бірлікте тіршілік кешкені тарихи шындық. Еңдеше рухани байлағының түп тамыры, тіпті қарым-қатынастың төрөндеуі айтпаса да түсінікті. Орта ғасырларда түркіден шыққан Әлішшер Науаи - парсы тілінде де, парсы ақыны Рудаки түркі тілінде де жазуы екі тілдің қатар қолданыста болғанын айғақтайды.

«Егер ісім өңсін десең, ретін тап» (Абай), сонда ғана «пайдаға кенелесің». Пайдаға кенелу үшін жұмысыңның сөтті болуы жеткіліксіз. Үнемі «ылғи сөттілік» қолыңыз жетіп отырса ғана пайдаға кенелесіз. Пайда - табыс көзі, табыс - байлық негізі, байлық - өмір сүру кешені. «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деген 37-ші қара сөзінде бизнестің көзін ашып, еңбегін еселеген, елге қамқор «адамның адамшылығын» жоғары бағалайды.

Негізінен, өркім әртүрлі жолмен байлығы және ол байлықты қолында мейлінше ұзақ ұстап тұрғысы келеді. Дегенмен, екіншісі бірі еңбекпен тапқан табысын ретімен жұмсаудың шебері емес. Бүгінгі аға буынды өсірген кеңестік дәуір жекеменшікті емес, ортақ меншікті насихаттады. Қазақтың мінезі - өзі үшін емес, өзгемен қоғамдасу арқылы адал қызмет ету, «Адал еңбекпен мал іздемек» - ол арлы адамның ісі» (29-шы қара сөз) қағидасы табиғатынан берілген сый сияқты.

Өзімізді өзіміз қолға алып, талапсыздық,

еріншектік, жалқаулық, токмейілушілік, байлыққа бөккен кісіміз, бойкүйездікке салынса, адам бойындағы «өнерге, ғылымға деген ұмтылыс жойылады» деген Абай «Аллау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерді - қазақтың әулиесі сол» (33-ші қара сөз) деген өнерлік жандарға сүйсінеді. Және адал еңбекпен мал табуға қайырымды болуға үндейді. Кедейлік қазақтың қыр сонынан қалмай қойғаны, көсіп түрін игеруге еңсарлық табығанын жанына батқан ақын «Ең болмаса кеттін ғой мал баға алмай» - деген ойын:

*Еңбек жоқ, харекет жоқ, қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтпеді теңірімей?* - деп түйеді.

Жазушы, қазақтың жанашыры Герольд Белгердің «Табиғаттың берген қабілет-мүмкіндігін еврейлер - 100, немістер - 70-80, орыстар - 50-60, ал, қазақтар 20 пайыз ғана пайдаланады» деп бағалауы көп нәрсені аңғартады.

Әлемдік бизнес, Абай айтқандай, өз қамы үшін бар ынтасымен күн-түн тыным көрмей, ебін тауып еңбегін еселейтіндерді үнемі қолдайды. Ақын шығармалары еңбек қылған адамға тиімді шешім табуға жетелейді. 25-ші қара сөзінде «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін» деп қазаққа мал табудың бағыт-бағдарын көрсетуді мақсат еткенін байқаймыз. Ең алдымен өндірісті өркендетпейінше, екіншіден, ағарту ісін жолға қоймайынша, қазақ халқының дамуына қол жеткізу мүмкін еместігін ақын дұрыс түсінді. Ел экономикасының артта қалуының себебін көшпелі елдің - егіншілікке, қолөнерге, өндіріс пен сауданы дамытуға икемсіздігімен ұшастырып «Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан» (3-ші қара сөз) деп жауабын дәл көрсетеді.

Баланы, малды, елді, ғылымды қалайша бағудың тетігін іздеп 1-ші қара сөзінде өзі арқылы барша жұртқа ескертіп өткенін жақсы білеміз. Қазаққа басқа халықтардың үнеміш іс-әрекеттерін үлгі тұтып, «Енді қарап тұрсаң, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жұрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ... Ноғайға қарасаң, еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі» дей келе, Абай өзінің «Жазғытұры» деген өлеңінде:

*Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер,
Диханылар жер жыртты, егін егер,
Шаруаның біреуі екеу болғы,*

Жаңа төлмен көбейін дәулет өнер, - деп, адамдардың күнделікті тұрмысы, іс-әрекетін шынайы сипаттайды.

Абай сол кезде-ақ «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі -

жұмысының жоқтығы. Егер егін болса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?» деп жұмыссыздыққа, бос сенделіске қынжылады. Орыс, өзбек, ноғай, татар секілді өзге халықтардың еңбекқорлығын үлгі ретінде қарағанын, істің көзін бұзған тұрғын үйрену керек екенін айта келіп, бизнес түрлері - егін салу, саудагерлік, қолөнермен айналысуға үгіттейді. «Өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң қара жер де береді, құр тастамайды» (Абай) деп ой түйеді. Осы орайда өзбекті кешегі күнге дейін саудагер деп менсінбей келгенімізді несіне жасырамыз. Кеңестік қоғам саудагердің тамырына балта шабумен келді. Парсы тіліндегі «савдо гор» - «сауда істеу», «сауданы білді» деген ұғымдарды береді. Парсыша «қордан» (істеу) деген егістіктің негізгі түбірі «кор» (іс) сауданы істеу деген мағына беріп тұр.

Ал, енді жоғарыда айтылған «сарт» сөзіне мән берейік. Абайдың пайымдауынан шығатын: «Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, «Сарт - садағам, өзбек - өз ағам» деп Шайбаққа қарап кетіпті» («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы») деген сөз бар. Шайбани Мұхаммед (1451-1510) Шайбақ хан есімімен белгілі. Шайбани Дешті Қышпақты, Орта Азияны билеп Өзбек ханды нығайтқан. Демек, қазақтардың «өзбек - өз ағам» дейтіні сондықтан. Ал, «сарт» деген сөз фонетикалық өзгеріске түсіп «сарт» болып кеткен болуы мүмкін. Өйткені, қазақтың сырт халықтар дейтіні түрік, түркімен, сарт, ұйғыр, төжік, парсы, ауған, кожалар (араб) болатын.

«Саудагерінің жұрмеген жері жоқ» деп өзге жұрттың өндірген өнімін шетке бұлдау үшін ғана емес, сол елдің түрлі саладағы жетістігін, яғни жаңалығын өз еліне ала келетінін де мәңзейді. Әлемнің бірінші ұстазы Аристотель жер май (керосин) сатса, екінші ұстаз Әл-Фараби саудагерлермен бірге кіре тартқан. Бизнестің көзі сауда-саттық екеніне нарықтық экономика дәуіріне тірелген кезде көзіміз жетті. Бүгінде дүние жүзі кәсіпкерлерінің бас қосқан жиынын (форум) әр елде етіп жататын мемлекеттік ірі мақсаттан туған бизнес өкілдерінің тәжірибе алмасуы деп түсінген жөн.

Қазақ халқының саясат, экономика жағынан кенже қалуы көшпелі тұрмыстан туған бытыранқылығының, артта қалған феодалдық-патриархтық өндіріс тәсілінің салдары екенін де білді ұлы ақын. Сондықтан да ол қазақ халқын көшпенділіктен отырықшылыққа көпуге, егіншілікті, сауданы, қолөнерді кәсіп етуге, ғылымға бой ұруға шақырды.

Мұндай табыс көзін табу үшін де байсалды, салмақты, түзу мінез керектігі Абай 32-ші қара сөзінде: «Ғылымды, ақылды сақтай-

Абай 3-ші қара сөзінде қазақты кері тартып отырған себептерге тоқтала келіп: «...жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз мақтаншақ келеді, әрбір мақтаншақ ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз арыз келеді; әрбір арыз жалқаудан сұрамақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» деп рухани кеселдің себебін дәл анықтайды. Табысты болу үшін мұндай нәрселерден жастардың қашық жүруін қалайды.

Бизнестің көзі «Еңбекті Абайдың қалірлеуі қазақ поэзиясы үшін аса бір соны сөз еді» (Мұхтар Әуезов) «...Кудай саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» (10-шы қара сөз). «Демек, барша іс, бүкіл байлық Жалғыз Алла тағаланың қолында екен» деп Құранның Әли-имран сүресі (3), 28-аятында ескерту жасайды. «Әуелі мал табу керек, ... онан сон білім, өнер керек екен. Ғылымды, өнерді білгенге дүние арзанырақ түседі» (25-ші қара сөзі). «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұттайды, өнер жұтамайды» (33-ші қара сөз) деген Абайдың өрбі сөзі қазақтың тұрмысының түзелуінің баянды бағыты деп түсінген жөн. Сөзін жұртпен ақыл, мал таптық байлық - «Сол малты сарып қылып ғылым табу керек» (30-шы қара сөзі) деген ақын сол тапқан табыстың пайдасын ғылым жолына жұмса деп бағыт береді. «Біз ғылымды сатып, мал іздемек еместің» деп ғылым арқылы баюға болатынын ұлы ойшылдың 38-ші қара сөзінде табымыз. «...барынды алсаң да, балана ғылым үйрет. Балаң бала болсаң десең - оқыт, мал айма» (25-ші қара сөзі). Ал, сол малды табу үшін табыс көзін тиімді тепкітерін инновациялық жолмен тауып, ғылымға айналдыру - бүгінгі күннің индустриалды экономикасының айнымас талабы емес пе?!

Қорыта келе, қазіргі бизнес мәдениетіне баулу үшін кәсіпкерлікке дұрыс бағыттап, олардың адал болуы жолында, мемлекет қолға алған Ұлт жоспары - бес институтциналды реформасын іске асырудағы «100 нақты қадам» бағдарламасы бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену жолына үндейді.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек көтін жусаң да мал тауып кел.

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас, - деген Абай сөзі кәсіпкер шұғылданушыларды ғана емес, барша қазақты ерінбей еңбек етуге шақырады.

Сейділ ОРАЗАЛИЕВ,
М. Әуезов атындағы ОКМУ
гуманитарлық ғылыми-зерттеу
институтының аға оқытушысы.